# Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексеруді есепке алу бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 1 наурыздағы N 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 наурызда тіркелді. N 2744. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 14 қарашадағы N 46 Бұйрығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007.11.14.* N 46 *(2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.*

*Ескерту: Бұйрықтың атауына, 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

Шаруашылық субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу туралы статистикалық есептілікті әрі қарайғы жетілдіру және шаруашылық субъектілердің қызметін тексеруді тіркеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Заңымен сәйкестікке келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 11-бабы, 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып бұйырамын:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексеруді есепке алу бойынша Нұсқаулық бекітілсін.

2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ( Р.С.Хайруллин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, Бас әскери прокурорға, Астана, Алматы қалаларының, облыстар мен оларға теңестірілгендердің прокурорларына, Комитеттің аумақтық органдарының бастықтарына жіберілсін.

4. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылдың 25 сәуіріндегі " Шаруашылық субъектілердің қызметіне жүргізілген барлық тексерулерді алғашқы есепке алу құжаттарын тапсыру және тіркеу тәртібі туралы" Ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2000 жылдың 29 желтоқсанындағы N 66 бұйрығын жою туралы" N 27 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1867-нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық және басқа да мемлекеттік органдарының

нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені, 2002 ж., N 29., 634-бет);

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылдың 25 сәуіріндегі " Шаруашылық субъектілердің қызметін тексеруді есепке алудың статистикалық кәртішкесінің нысандарын және оған қоса 1-П нысаны бойынша талон-қосымшаны, "Шаруашылық субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу туралы" есептің нысандарын, кәртішкелер мен шаруашылық субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу журналын, "Шаруашылық субъектілердің қызметін тексеруді есепке алудың статистикалық кәртішкесін жүргізу тәртібі туралы" N 1-П нысаны бойынша нұсқаулықты, "Шаруашылық субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу туралы" есепті және кәртішкелер мен шаруашылық субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу журналын бекіту мен іске қосу, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2000 жылдың 29 желтоқсанындағы N 67 бұйрығын жою туралы" N 28 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1868-нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық және басқа да мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені, 2002 ж., N 31., 654-бет).

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін (М.Қ.Уәйісов).

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Бас Прокуроры*

Шаруашылық жүргізуші субъектілер
қызметін тексеруді есепке алу
бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылдың 01 наурызындағы
N 12 бұйрығымен бекітілген

## Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексеруді есепке алу бойынша Нұсқаулық

*Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

### 1. Жалпы ережелер

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексеруді есепке алу бойынша осы Нұсқаулық (әрі қарай - Нұсқаулық) " Мемлекеттік құқықтық

статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес орындалған және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне жүргізілген барлық тексерулерді белгілейді.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

2. Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу (әрі қарай - тексеру тағайындау жөніндегі акт) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің тиісті аумақтық органдарымен (әрі қарай - Уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

Қалалар мен аудандардың, әскери гарнизондар мен көліктік аймақтардың аумақтарына тексерулер тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу тиісті Уәкілетті органдар бөлімшелерімен жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның және прокуратуралардың әскери немесе көліктік бөлімшелерінің болмауы жағдайында тексеру тағайындау туралы актілерді және ақпараттық есепке алу құжаттарын тіркеу уәкілетті органның тиісті әскери немесе көліктік бөлімшесіне тіркеу күні немесе келесі күні берумен тиісті аумақтық уәкілетті органда жүзеге асырылады.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

3. Осы есептің субъектілері, шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдар (әрі қарай - бақылаушы органдар) болып табылады.

Аталған есепке алу объектілері бекітілген тәртіпте әділет органдарында тіркелген және (немесе) салық органдарында есепке алынған жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

4. Осы Нұсқаулық төмендегідей тексерулерді жүргізумен байланысты қатынастарға қолданылмайды:

мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдарда;

жедел-іздестіру іс-шараларының шеңберінде;

қозғалған қылмыстық істерді, анықтау, алдын-ала тергеу, прокурорлық қадағалау, сот төрелігін және атқарушылық іс жүргізуді, төтенше жағдайларды, соның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы, қауіпті жұқпалы аурулардың қозуын тергеу шеңберінде;

бақылаушы орган мен шаруашылық субъектілердің арасындағы азаматтық-құқықтық қарым-қатынастардан шығатын міндеттерді орындау бойынша;

шаруашылық жүргізуші субъектісінің бастамасы бойынша;
бақылау-өткізу пункттерінде, пункттер және бекеттерде;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өту кезінде.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

## 2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

5. Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар пайдаланылады:

шаруашылық субъектілер - кәсіпкерлік қызметті, қызмет көрсету мен жұмыс жүргізуді жүзеге асыратын және тауарлық айналымның қатысушылары ретінде алға шығатын заңды немесе жеке тұлғалар (филиалдар немесе өкілдіктер);

тексеру - шаруашылық жүргізуші субъектілердің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасалатын бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын өкілетті мемлекеттік органдардың іс-әрекеті;

тексеру тағайындау жөніндегі акт - шаруашылық жүргізуші субъектісінің қызметіне тексеру жүргізу үшін негіз болатын бақылаушы органның құқықтық актісі (қаулы, ұйғарым, бұйрық, тапсырма, жолдама және тағы да басқа);

тексерудің қысқасы - заңмен анықталған мерзім ішінде бір шаруашылық жүргізуші субъектімен бір мәселе бойынша өткізілген тексерістер саны.

*Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

6. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - бақылаушы органмен алдын ала жоспарланған, өткен тексерулерге қатысы бойынша заңдармен белгіленген уақытша аралықтарды ескеру арқылы жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - Президенттің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, басқа да өкілдігі бар мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен немесе сұранымдарымен, депутаттық сұранымдарымен, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтарын және заңды мүдделерін бұзу туралы жүгінулерімен, өтініштерімен, шағымдарымен, хабарламаларымен және басқа да ақпараттарымен, заңдардың бұзылу, азаматтардың денсаулығы мен өмірлеріне төнген қауіп-қатердің пайда болу, авариялық жағдайлар белгілерін тікелей табумен байланысты, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралардың нәтижесінде табылған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуына бақылау жасау мақсатында бақылаушы орган жүргізетін тексеру;

өтініш бойынша - шаруашылық жүргізуші субъектісінің қызметіне қатысты бақылаушы органға келіп түскен жүгіну бойынша, анонимдікті қоспағанда, (арыз , шағым, өтініш) жоспардан тыс жүргізілетін тексерудің түрі;

қарсы - тексерудегі шаруашылық жүргізуші субъектісінің келісілген

міндеттері не басқа да құқықтық арақатынастары бар жеке немесе заңды тұлғаға (тұлғаға немесе өкілдікке) қатысты тапсырылған немесе алынған қосымша ақпараттың айқындылығын қайта тексеру мақсатында жоспардан тыс тәртіпте бақылаушы органмен жүргізілетін тексеру;

рейдтік - Қазақстан Республикасы заңдарының жеке талаптарын сақтау мәселелері бойынша бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін бір уақытта қамтитын тексеру;

бірлескен - Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын сақтау мәселелері бойынша шаруашылық жүргізуші субъектісінің қызметіне бірнеше бақылаушы органдармен жүргізілетін тексеру.

## 3. Ақпараттық есепке алу құжаттарын тапсыру, тіркеу және жүргізу тәртібі

7. Рейдтік тексерулерді қоспағанда, тексеру тағайындау туралы бір актінің негізінде, шаруашылық жүргізуші субъектінің бір тексеруі өткізілу тиіс.

Бақылаушы орган тексеру тағайындау жөніндегі актіні шығарып, барлық қажетті реквизиттерді міндетті түрде толтыру арқылы, Нұсқаулыққа қоса берілетін 1-қосымшаға сәйкес 1-П нысанды шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін тексеруді есепке алу кәртішкесін (әрі қарай - 1-П нысанды кәртішке) жасайды. Тексеру тек осы актіде көрсетілген мәселелер бойынша жүргізіледі.

Тексеру тағайындау жөніндегі акт пен 1-П нысанды кәртішке тексеру басталғанға дейін тексерудегі субъектінің тұрған жеріне қарай немесе кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылу орнына қарай Уәкілетті органға тіркеу үшін тапсырылады.

Тексеруге қатысатын тұлғалар құрамының өзгертілуі жағдайында, кешіктірілмей уәкілетті органда тіркелетін қосымша акті құрылады.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

8. Бейуақытта тексеру жүргізу кезінде (түнде, демалыс немесе мереке күндері) , қоғамдық тәртіпке, халық денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне төнген қауіп-қатерді тез арада жоюды талап ететін пайда болған әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туған тексерудің ерекше жағдайларында, сондай-ақ бұзушылықтардың тікелей жасалған кезінде оларды тапқан және делелдемелерді орнықтыру үшін жедел әрекеттерді жүргізу қажет болған жағдайларда тексеру тағайындау жөніндегі акт пен ақпараттық есепке алу құжаттары Уәкілетті органға тексеру жүргізу басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінің ішінде тапсырылады.

9. Тексеру өткізу басталғанға дейінгі уақыт тексеру тағайындау туралы актіні тапсыру мерзімі болып табылады. Тексеру аяқталғаннан соң тексеру тағайындау туралы актіде белгіленген мерзімнен кешіктірілмей оның нәтижелері туралы акті құрылады. Рейдтік тексерудің аяқталу мерзімі рейдтің аяқталған күні болып табылады.

*Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

10. Тексеру тағайындау жөніндегі акт Уәкілетті органға екі данада (түпнұсқа мен көшірме) тапсырылады. Оның тіркелуінен кейін актінің түпнұсқасы жедел түрде бақылаушы органға қайтарылады. Актінің көшірмесі Уәкілетті органда қалады. Тексеру тағайындау жөніндегі актімен бірге Уәкілетті органға тиісті түрде дайындалған 1-П нысанды кәртішкесі тапсырылады.

Бақылаушы органның қызметкері тексеру тағайындаған органның өкілдігін растайтын және тексеруге қатысы бар қажетті нормативтік құқықтық актілері бар болуы тиіс.

11. Тексеру тағайындау жөніндегі акт төмендегідей мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) бақылаушы органның аталуы, тексеру тағайындау бойынша өкілеттігі бар тұлғаның аты-жөні, лауазымы және қойған қолы;

2) бақылаушы органның журналы бойынша тексеру тағайындау жөніндегі актінің күні мен тіркелу нөмірі;

3) тексеруді жүзеге асырушы лауазымды тұлғалардың аты-жөндері;

4) шаруашылық жүргізуші субъектісінің толық аталуы мен тұрған жері және оның салық салушының тіркелу нөмірі (әрі қарай - СТН);

5) тексеру түрі;

6) тексеру сұрағы;

7) тексеру жүргізудің мерзімі;

8) тексеру тағайындаудың негізі.

9) алынып тасталды ;

10) алынып тасталды ;

*Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

12. Уәкілетті органның қызметкері ақпараттық есепке алу құжаттарын алғаннан соң актіні тіркеуге ұсыну сәтінен бастап үш сағаттан кешіктірмей Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу Журналына (бұдан әрі - Журнал) жазба енгізіп, 1-П нысанды кәртішкенің және тексеру тағайындау туралы актінің толтырылу толықтығын тексереді. Сонымен қатар, тіркеу үшін ұсынылған ақпараттық есепке алу құжаттарының өз уақытылығын тексереді,

шаруашылық субъектілер қызметіне тексеруді тағайындауда бақылаушы органмен аумақтық принциптердің сақталуын, сондай-ақ тексеру барысында бақылаушы органдармен Қазақстан Республикасы Заңдарының сақталуын т е к с е р е д і .

Тіркеуден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, уәкілетті орган қызметкерімен тексеру тағайындау туралы актіге Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес тексеріс тағайындау туралы актіні тіркеу туралы мөр қойылады.

*Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

13. Тексеру тағайындау кезінде бақылаушы органдармен жасалған Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылғандығы анықталған жағдайда, Уәкілетті органның қызметкері тиісті шешім қабылдау үшін ақпараттық есепке алу құжаттарын Уәкілетті органның басшысына, ал ол болмаған кезде - оның міндеттерін орындайтын тұлғаға (әрі қарай - өкілетті тұлға) (факспен, қолма-қол, электрондық поштамен) тапсырады.

14. Тексеру тағайындау жөніндегі актіні тіркеуден бас тарту туралы қорытынды, Нұсқаулыққа қоса берілген 4-қосымшаға сәйкес (әрі қарай - қорытынды) өкілетті тұлғамен екі данада 24-сағаттың ішінде, Уәкілетті органға ақпараттық есепке алу құжаттарының келіп түскен кезінен бастап жазбаша қ ұ р ы л а д ы .

Егер мерзімінің аяқталуы демалыс немесе мерекелі күндермен сәйкес келген жағдайда, мерзім сол күннен кейінгі жұмыс күнімен анықталады.

Бас тарту Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының және осы Нұсқаулықтың накты бұзылғандығын көрсету арқылы дәлелденуі қажет.

*Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

15. Тексеру тағайындау кезінде Қазақстан Республикасы заңдарын бақылаушы органның сақтауы туралы мәселенің шешілуі үшін қосымша тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, шешім Уәкілетті органға ақпараттық есепке алу құжаттарының келіп түскен кезінен бастап екі күннің ішінде қабылдануы қажет.

16. Өкілетті тұлға тапсырылған ақпараттық есепке алу құжаттарын оқып-қарағаннан кейін тексерудің бастамашысын тез арада ескерту үшін қабылданған шешім туралы жазбаша қорытындыны бөлімшенің қызметкеріне ( факспен, қолма-қол, электрондық поштамен) тоқтатпай жіберуге міндетті.

17. Уәкілетті органның қызметкері қорытындыны алғаннан кейін тексеруді бастаушының назарына тіркеуден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімін жеткізеді және тексеру тағайындау және оның көшірмелері жөніндегі актіде

Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес тиісті мөртабанды қояды.

Электрондық поштамен келіп түскен қорытындыда Уәкілетті орган қызметкерімен "Көшірме дұрыс" жазуы жазылады, қол қойылып, іс жүргізу бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нұсқаулық-нормативтік актілеріне сәйкес сақталады.

Тексеру тағайындау жөніндегі акт тіркелусіз қайтарылады, ал 1-П нысанды кәртішкесі 10-тармақты толтыру арқылы Журналда тіркеледі.

*Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

18. Өкілетті тұлға тексеру тағайындау жөніндегі актіні тіркеу қажеттілігі туралы шешімді қабылдау кезінде, тіркеу осы Нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Бұрынғы тексерудің актісінде қамтылған ұйғарымдардың орындалуына бақылау жасау тәртібімен жүргізілген тексерулер Уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге жатады.

20. Егер басқасы нормативтік құқықтық актілерімен, Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық келісімдермен және осы Нұсқаулықпен белгіленбеген болса, бақылаушы органға тексеру тағайындау жөніндегі актіні тіркеуден бас тарту үшін төмендегідей негіздердің біреуі бар болса да жеткілікті:

1) жоспарлы тексерулерді тағайындау барысында алдыңғы жүргізілген тексерулерге қатысты уақытша аралықтарды сақтамау;

2) құзыреттігіне кірмейтін мәселелер бойынша бақылаушы органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне тексерулер тағайындауы;

3) *алынып тасталды*

4) егер тексеру тағайындау туралы актіде өткізу мерзімі Қазақстан Республикасының Заң актілерімен белгіленген мерзімінен асырылып белгіленсе, немесе аталған мерзімі өтелген болса;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті орталықтандырылған мемлекеттік органдарының кәсіпкерлік шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін тексеру, егер алдында аумақтық мемлекеттік органмен немесе бір мәселе және мерзім бойынша бақылау және қадағалау құзыретін иеленетін жергілікті атқарушы органмен оған қатысты тексеру жүргізілген болса;

6) анонимді жүгіну бойынша шаруашылық субъектінің қызметіне тексеру тағайындау;

7) бір шаруашылық субъектісімен бір мәселе және бір аумақтық мемлекеттік орган кезеңі бойынша қызметтік тексеруді тағайындау егер алдыңғы уақытта орталық мемлекеттік органдармен оларға қатысты тексеру жүргізілген болса өткізіледі;

8) шаруашылық субъектілер қызметіне мемлекеттік органмен тексерудің тағайындалуы, егер аталған мәселе бойынша басқа мемлекеттік органмен, сонымен қатар қарсы тексерулер бойынша тексерістер жүргізілген болса;

9) алдыңғы жүргізілген тексерулер бойынша кемшіліктер анықталмаған жағдайда бақылау тексерісін тағайындау;

10) тексеру тағайындау туралы актіде Нұсқаулықтың 11-тармағымен қаралған мәліметтердің болмауы;

11) тексеру тағайындаудың жазбаша нақтылау негізінің болмауы (жоспар, сұраухат, тапсырма, өтініш, шағым, жүгіну, сенім телефоны бойынша өтініштерді тіркеу кітабы), сондай-ақ рейдтік тексеруге тартылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізімдері;

12) бақылаушы органмен ұсынылған жоспарда (осы Нұсқаулықтың 28-тармағына сәйкес) шаруашылық жүргізуші субъектілердің тағайындалған жоспарлық тексеруінің болмауы;

13) құзыреті сәйкес келмейтін тұлғаларға тексеру өткізуді тапсыру жағдайында;

14) тексеру мерзімдерін Қазақстан Республикасының Заң актілерімен белгіленген мерзімінен артық ұзарту;

15) егер тағайындалған тексеру мерзімі жасалған немесе дайындықтағы қылмыстар туралы, сондай-ақ жеке, заңды тұлға және мемлекет құқықтарының, заңды мүдделерінің бұзылуы туралы тапсырма, сұраухат, жүгіну, өтініш, шағым және басқа да ақпараттар белгіленген өтініштер мен хабарламаларда мерзім аралығының шегінен асқан жағдайда;

16) тексеру тағайындау туралы актіде тексеріске ұшыраған бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілерді белгілеу;

17) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметтерін тексеру үшін Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күрес бойынша агенттігі органдарымен тексеру тағайындау.

*Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен *, 2006 жылғы 3 наурыздағы* N 13 *, 2007.05.16.* N 15 *бұйрықтарымен.*

21. Актіні тіркеуде мемлекеттік органға негізсіз бас тартылса, ол жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

22-23. <*>

*Ескерту: 22-23-тармақтар алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

24. Рейдтік тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу кезінде Уәкілетті органға тексеру тағайындау туралы акт, тексерілудегі шаруашылық субъектінің

біріне арналған 1-П нысанды кәртішке және тексерілуге кірген шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізімі ұсынылады.

Тексеруге ұшырылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер тізімі екі данада ұсынылады. Тізімдерге тіркеу туралы мөр қойылады. Тізім көшірмесі Уәкілетті органда қалады. Тізімде тексеруге ұшыраған шаруашылық жүргізуші субъектілердің аталуы мен орналасқан жері туралы мәліметтер белгіленуі тиіс.

Тексеру аяқталғаннан кейін Уәкілетті органға үш жұмыс күнінің ішінде әрбір тексерілген субъектіге арналған 1-П нысанды кәртішкесі және Нұсқаулыққа қоса берілген 6-қосымшаға сәйкес 1-П нысанды кәртішкеге қосымша болып келетін белгіленген үлгідегі талон (әрі қарай - талон-қосымша), тапсырылады.

*Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

25. Тексеру мерзімдерін ұзартқан немесе тоқтатқан жағдайда бақылаушы орган міндетті түрде Уәкілетті органды оны тағайындау туралы актіде көрсетілген аяқталу күнінен кешіктірілмей хабардар етеді. Хабарламада тексеру тағайындау жөніндегі актінің нөмірі мен тіркелу күні, шаруашылық жүргізуші субъектінің орналасқан жерінің толық атауы, СТН, оны ұзарту не тоқтатудың сонымен қатар, жаңғыртудың нақты мерзімі көрсетіледі. Хабарлама тексеру тағайындаған тұлға арқылы қол қойылады, және тіркеуге жатпайды, Журналда тиісті белгі қойылады.

*Ескерту: 25-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

26. Уәкілетті органда тіркелген тексерулер көрсетілген кезеңде жүргізілмеген жағдайда, олар есептен шығарылуы тиіс, ол жайында бақылаушы орган акт дайындап, тексеру жүргізуге кедергі болған жағдайлардың пайда болған кезінен бастап үш жұмыс күнінің ішінде Уәкілетті органға жазбаша түрде хабарланады.

Осы мәліметтердің негізінде Уәкілетті орган 1-П нысанды кәртішкесінің 10-тармағына мәліметтер енгізеді.

27. Бірлескен тексеру тағайындау жөніндегі акт, тексеруге қатысатын немесе қатысқан мемлекеттік органдарды, лауазымды тұлғалардың аты-жөнін көрсету арқылы тексеруге бастамашы болған органды Уәкілетті органда тіркейді. Осы орган Уәкілетті органға ақпараттық есепке алу құжаттарын тапсырады.

28. Бақылаушы органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне жүргізілген тексерулер бойынша және Уәкілетті органда тексеру тағайындау жөніндегі тіркелген актілер бойынша жарты жылда бір реттен кем емес салыстыру жүргізеді:

1) бақылаушы органдарға жіберілетін салыстыру, Уәкілетті органның бірінші

басшысымен бекітілген кесте бойынша жасалады;

2) бақылаушы орган қызметкері Уәкілетті органға кестемен белгіленген мерзімде Журналды беруге міндетті;

3) салыстыру барысында келесі сұрақтар айқындалуға жатады:

тексеру тағайындау жөніндегі тіркелген актілердің саны;

тексеру түрі;

тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу үшін уақытылы тапсыру;

талон-қосымшаны тіркеу үшін уақытылы тапсыру;

жүргізілмеген тексерулерді есептен шығару туралы хабарламаны (жазбаша хабарлауды) уақытылы тапсыру;

4) салыстырудың нәтижелері бойынша табылған бұзушылықтар көрсетілетін акт құрылады;

5) салыстыру актісіне салыстыру жүргізген, олардың айқындылығына дербес жауап беретін Уәкілетті және бақылаушы органдардың қызметкері қол қояды және органдардың басшыларымен бекітіледі;

6) салыстыру актісі екі данада құрылады, олардың біреуі Уәкілетті органда қалдырылып, екіншісі тексеру жүргізген бақылаушы органның қызметкеріне тапсырылады.

Өзара салыстыру жүргізген уақытта бақылау орган уәкілетті органға алдағы тоқсандық тексерудің жүргізу жоспарын ұсынады.

*Ескерту: 28-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен *, 2007.05.16.* N 15 *бұйрықтарымен.*

29. Бақылаушы органда салыстыру немесе тексеру жүргізу кезінде тексеру тағайындау жөніндегі тіркелмеген актілерді немесе тексеру тағайындау жөніндегі актіні шығарусыз жүргізілген тексерулерді анықтаған жағдайда, бақылаушы орган оларды анықтаған кезден бастап үш жұмыс күнінің ішінде анықталған тіркелмеген тексерулерге ақпараттық есепке алу құжаттарын қоюға міндетті.

Осы деректерді анықтаған орган осы жылы тексеруге ұшыраған әрбір тіркелусіз немесе тексеру тағайындау жөніндегі актіні шығарусыз тексерілген шаруашылық жүргізуші субъектісіне ақпараттық есепке алу құжаттарын қоюға барлық қажетті шараларды қабылдайды.

*Ескерту: 29-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы N 13* бұйрығымен .

**4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін тексеруді есепке алудың 1-П нысанды кәртішкесін,**

**оған қоса талон-қосымшаны және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеу Журналын толтыру тәртібі**

30. 1-П нысанды кәртішкенің реквизиттері тексеруді жүзеге асыратын тұлғамен қысқартусыз, баспа әріптерімен толтырылуы тиіс.

Кәртішкенің оң жағында орналасқан сандық ақпараттық көрсеткіштерде Уәкілетті органмен берілген кодтық белгілеулердің нөмірі көрсетіледі:

1) 1-тармақта орталық мемлекеттік органның аталуы көрсетіледі;

2) 2-тармақта тексеру тағайындаған бақылаушы органның аталуы көрсетіледі;

3) 3-тармақта кодтау арқылы тексеру тағайындаған органның деңгейлік дәрежесі көрсетіледі: 1-республикалық; 2-облыстық; 3-қалалық; 4-аудандық;

4) 4-тармақта жеке немесе заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдіктің) аталуы көрсетіледі;

4.1.-тармақта шаруашылық жүргізуші субъектісіне тән тексеру объектісінің ( дүкеннің, дәріхананың және тағы да басқа) аталуы, оның тұрған жері көрсетіледі;

4.2.-тармақта 1-иә, 2-жоқ кодтаулары арқылы шағын кәсіпкерлік саласына шаруашылық жүргізуші субъектісінің тиістілігі, ал 4.3. тармақта шағын кәсіпкерлік субъектісінің микробизнес субъектісіне жататындығы, кодтандыру жолымен: 1 - ия, 2 - жоқ, ал 4.4. және 4.5.-тармақтарда оның СТН-і және Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН-і) көрсетіледі;

5) 5-тармақта кәсіпкерлік (шаруашылық) қызметтің түрі көрсетіледі;

6) 6-тармақта кодтау арқылы тексерудің негізгі түрлері көрсетіледі: 1-жоспарлы, 2-жоспардан тыс, 3-қарсы, 4-өтініш бойынша, 5-бірлескен, 6-рейдтік.

Тексерудің бірнеше түрі қатар жүргізілген жағдайда "қатар" реквизитінде тексерудің осы түрлерінің кодтары көрсетіледі. Сонымен бірге, статистикалық есепке алуға аталған реквизитте бірінші көрсетілген коды бар тексеру жатады.

6.1.-тармақта тексерудің сұрағы көрсетіледі, яғни нормативтік құқықтық актілердің нормаларын сақтау, тексеруге жататын міндетті түрдегі талаптар;

7) 7-тармақта бақылаушы органның тексеру тағайындау жөніндегі актісінің нөмірі мен оны шығару күні көрсетіледі;

8) 8-тармақта тексеруді жүзеге асыратын тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер көрсетіледі;

9) 9-тармақта тексеру жүргізу мерзімі көрсетіледі;

9.1.-тармаққа тексеру мерзімінің ұзартылу күні енгізіледі;

9.2.-тармаққа тексеруді тоқтату күні енгізіледі;

9.3. тармаққа тексеруді жаңғырту мерзімі кіреді;

10) 10-тармақ тіркелген тексеру қандайда бір жағдаяттарға байланысты жүргізілмеген жағдайда тексеру тағайындау жөніндегі актіні тіркеуден бас

тартылған жағдайларда толтырылады және реквизиттің тиісті тармақшасының асты сызылады.

10.1 тармақта өткізілмеген тексеріс код белгілеу жолымен: 1-иә, 2-жоқ есептен алынады;

10.2 тармаққа тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту негізі енгізіледі;

11) 11-тармаққа прокуратура немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарымен тексеру жүргізу кезінде табылған тіркелмеген тексерулер туралы мәліметтер енгізіледі;

11.1.-тармақта прокуратура немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарымен табылған тіркелмеген тексерулердің жалпы санынан тексеру тағайындау жөніндегі актілерді шығарусыз мемлекеттік органдармен жүргізілген заңсыз тексерулер туралы мәліметтер бейнеленеді;

11.2.-тармақта прокуратура немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарымен табылған тіркелмеген тексерулердің жалпы санынан өткен жылдардағы тексеру тағайындау жөніндегі актілерді тіркеусіз немесе тексеру тағайындау жөніндегі актіні шығарусыз жүргізілген тексерулер туралы мәліметтер бейнеленеді;

12) 12, 13, 14 және 15-тармақтар 1-П нысанды кәртішкенің келіп түскен күнін, Журнал бойынша реттік нөмірін, кәртішкені қабылдаған Уәкілетті орган қызметкерінің тегі мен лауазымын және басқа да белгілерді қосады.

*Ескерту: 30-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 54* бұйрығымен , *2006 жылғы 3 наурыздағы* N 13 *, 2007.05.16.* N 15 *бұйрықтарымен.*

31. 1-П нысанды кәртішке Уәкілетті орган Журналында тіркелген кезден бастап есепке алынды деп саналады.

32. Тексеру нәтижелері бойынша тексеруді жүзеге асырған тұлғамен толтыруға жататын талон-қосымша қысқартусыз, баспа әріптерімен толтырылады және тексеру аяқталғаннан кейін үш тәуліктің ішінде Уәкілетті органға тапсырылады:

1) талонның 1-тармағында орталық мемлекеттік органның аталуы көрсетіледі;

2) 2-тармақта тексеру тағайындаған органның аталуы көрсетіледі;

3) 3-тармақта кодтау арқылы тексеру тағайындаған органның деңгейлік дәрежесі көрсетіледі: 1-республикалық; 2-облыстық; 3-қалалық; 4-аудандық;

4) 4-тармақта жеке немесе заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдіктің) аталуы көрсетіледі;

4.1-тармақта шаруашылық жүргізуші субъектісіне тән тексеру объектісінің ( дүкеннің, дәріхананың және т.б.) аталуы, оның тұрған жері, ал 4.2. және 4.3.-

тармақтарда оның СТН-і және БСН-і көрсетіледі;

5) 5-тармақта бақылаушы органның тексеру тағайындау жөніндегі актісінің нөмірі және оны шығару күні көрсетіледі;

6) 6-тармақта Уәкілетті органның Журналы бойынша күні мен тіркелу нөмірі көрсетіледі;

7) 7-тармақта тексерудің басталу күні бейнеленеді;

7.1-тармаққа тексерудің аяқталу күні енгізіледі.

7.2. тармақта тексерудің ұзақтығы көрсетіледі;

8) 8-тармақта шаруашылық жүргізуші субъектісінің қызметінде бақылаушы органның тапқан бұзушылықтары көрсетіледі;

8.1. тармағында залалдың кімге келтірілгені 1-мемлекетке, 2-шаруашылық субъектіге, 3-жеке немесе заңды тұлғаға код қою арқылы және келтірілген залалдың құны мың теңгеде белгіленеді;

8.2. тармағында тексеріс барысында анықталған залалдың өтелгендігі және сомасы көрсетіледі;

8.3. тармағында кімнің құқықтарының қорғалғаны көрсетіледі;

